

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы КМҚК «Шуақты –Шұғыла» бөбекжай балабақшасы

Топ «Қошақан» кіші тобы

Балалардың жасы 2-3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 27 ақпан -03 наурыз 2023 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңертең балалармен амандасып, топқа кіргізу. Тыныс алу жаттығуы Ішке тартып ауаны, Демінді алшы тереңнен. Денсаулықтың жауабы, Қайталасаң менімен. Көркем әдебиет Музыка	Балаларды топта жақсы қабылдап, амандасу. «Түлкі мен қоян» Түлкі қатты жортады, «Аб-абтан» ол қорқады. «Көлеңкемнен кетем» - деп, Қоян зытты секеңдеп. Көркем әдебиет Дене шынықтыру	Балаларды жақсы көңіл -күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. «Саусақ жаттығуы» Бас бармағым – алғашқы, Балаң үйрек – жалғасы. Ортан терек – ағасы, Шылдыр шүмек – нағашы, Кішкентай бөбек – балақан, Бәріне ортақ – алақан. Сөйлеуді дамыту Қоршаған ортамен таныстыру	Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. Тыныс алу жаттығуы Демді ішке тартайық Енді «Ү-п» деп айтайық. Демді шығар қайтарып. Музыка	Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. Балаларға тапқалаты қайталату арқылы қимылдар жасау. «Бес саусақ» жаттығуы Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық, екеуіміз. Бас бармағым - папам, Балаң үйрек - апам. Ортан терек - ағам Шылдыр шүмек - мен Титтей бөбек - сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз. Қоршаған ортамен таныстыру
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Әтеш айқасы» Мақсаты: Белсенді қимыл қызметіне қызығушылығын,	«Мысық пен тышқан» Мақсаты: Балаларды жеңіл жүгіруге, бір-бірін итермеуге, кеңістікті бағдарлай	Көркем сөз: Аппақ, аппақ ақшақар Бірін ұстап алайын... Ұстадым! Жоқ, ақша қар,	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бақа мен тырна» Мақсаты: Қозғалмалы ойындар мен жаттығулардың алғашқы	«Саусақ» жаттығуы Бала, бала, балақай, Қол соғайық, алақай! Бір,екі,үш деп айтайық, Саусақтарда тартайық. Жалқау бала болмайық,

кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	жалпы төзімділігін, жылдамдық, пәрменділік қасиеттеріне тәрбиелеу. Дене шынықтыру Сөйлеуді дамыту	білуге, тәрбиешінің белгісі бойынша қозғалысты өзгертуге үйрету, шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру Көркем әдебиет	Қайдан іздеп табайын? (Жақан Смаков) Қимылды ойын: «Аяз» Мақсаты: Тез жүгіруге жаттықтыру. Дене шынықтыру	түсініктері мен дағдыларын қалыптастыру. Балаларды достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Дене шынықтыру Көркем әдебиет	Қолды қысып, ойнайық. Сөйлеуді дамыту
Таңертенгі жаттығу	Картотека № 6 «Жапырақтар түседі» Б.қ. аяқ алшақ, жапырақ төменде; 1-3 қолды алға, жоғары, екі жаққа көтере түсіру; 4- б.қ.:(жапыраққа қараймыз) Б.қ. қолды алға созу; 1-2 оңға ,солға бұрылу; 3-4 б.қ. келу; (аяқты орнынан қозғамау) Б.қ. 1-4 алға енкейіп, қол төменде; 5-6 б.қ. (тізені бүкпеу)Б.қ. 1-2 отыру, жапырақты еденге қою; 3-4 тік тұру, қолды белге қою; 5-6 отырып, жапырақты алу;Б.қ. 5-6 б.қ. келу;				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау. Жегеніміз нан болсын! Айтарымыз ән болсын! Тамақ берген апайға, Айтарымыз оң болсын! Әумин!	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу, Көркем сөз «Бата» Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін! Әумин	Жуынатын бөлмедегі тәртіп пен тазалық. Көркем сөз Қолымызды жуамыз, Асханаға барамыз Асханаға барған соң Тамақ ішіп аламыз.	Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Жегеніміз нан болсын! Айтарымыз ән болсын! Тамақ берген апайға, Айтарымыз оң болсын! Әумин!	Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету. Нан туралы тақпақ Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар! Мақсаты: Балаларға таңғы астың , нанның маңыздылығы жайлы айту, тамақты тауысып жеуге үйрету.

	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелерге келісу және т.б. Көркем әдебиет «Топ-топ» Топ-топ, топ басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса, жаса алтын күн Жаса, жаса жарқын күн. (балалар қолдарын соғады)	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, Көркем сөз: Аппақ, аппақ ақшақар Бірін ұстап алайын... Ұстадым! Жоқ, ақша қар, Қайдан іздеп табайын? (Жақан Смаков) Қимылды ойын: «Аяз» Мақсаты: Тез жүгіруге жаттықтыру. Дене шынықтыру	Дене шынықтыру «Бала, бала, балапан» Бала, бала, балапан Қане, қайсы, алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат. Бала, бала, балапан Қане, қайсы, алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат.	Сөйлеуді дамыту Сурет салу «Сағат» Сағаттың тіліндей, Иліп оңға бір, Сағаттың тіліндей Иліп солға бір. Оң аяқ, сол аяқ, Жаттығу оңай-ақ. Сағаттың суретін саусақпен салу.	Қоршаған ортамен таныстыру «Жаттығулар жасайық» Тез қозғалып осылай Жаттығулар жасайық. Жақсылықты үйреніп, Жамандықтан қашайық.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	№ 50 Қозғалыс ойындары «Бірінші бол» Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін	№ 51 Көркем сөз. Отырғыз ағаш көктемде, Жөн болмақ еңбек еткенің.	№ 52 Еңбек: Құстарға жем шашу. Көркем сөз. Жұмбақ. Балалармен достасып, Жазда бақты қорғайды.	№ 53 Еңбек: Жәндіктерге нан қиқымын беру. Көркем сөз. Құмырсқа батыр. Қимылдап жатыр.	№ 54 Еңбек: Ойын алаңының қоқыстарын жинау.Өздеріне жүктелген жұмысты жауапкершілікпен атқару.

	бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру) және қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау. Қоршаған ортамен таныстыру	Келмесе шамаң еккенге, Сындырма жұрттың еккенін.	Күзде кетер қоштасып, Кім біледі... (торғайды).	Алды да ырғап, Көтерді «бір қап» Құмырсқа қыстан, Шығады жырғап. Жалқауға күллі- Құмырсқа үлгі.	Көркем сөз. Жұмбақ. Жылт-жылт еткен, Жырадан өткен. (су)
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен шешінуі. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Торғай мен мысық» Мақсаты: Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу.	Бір -біріне шешінуге көмектесу.	Киімдерін жинау. Сөрелерін ретке келтіру.	Бір -біріне шешінуге көмектесу.	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қояндар мен қасқыр» Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу.
Түскі ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ас алдында айтылатын тақпақ: Ас дегенде отырып, Тәрбиешіні тыңдаймыз. Тамақ ішіп болған	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу.	Ас қайыру. Асың, асың, асыңа, Береке берсін басыңа!	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту)

	соң, Орнымызды жинаймыз.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үлкендерді сыйлау» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Қуыр-қуыр-қуырмаш» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үй жануарлары» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бала, бала, балақан» Музыка
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).				
Бесін ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу (сөйлеуді дамыту).				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: балаларды ептілікке баулу. Қоянның суретін салу. Дене шынықтыру Сурет салу	Қоршаған ортамен таныстыру Қимылды ойын: «Қай қолымда көп» Мақсаты: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.	Сенсорика «Вагондарға дөңгелек таңдау» Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.	«Сипаттамасы бойынша тап» Мақсаты: ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту.	Дене шынықтыру «Шынығамыз» Шаршасандар, балалар, Қолдарыңды созыңдар. Саусақтармен ойнаңдар, Қолдарыңды сермендер. Денелерің шынықсын, Саналарың тынықсын.
Балалармен жеке жұмыс	«Секіреміз топ- топ» Секіреміз топ-топ, Шапалақтап көп- көп. Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш, Иілеміз солға қарай бір,екі,үш. Таир,Адема	«Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Дарын,Шаһ-Керім	«Сикырлы қап» Мақсаты: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу. Жансерік,Ералы	«Кім шапшаң?» Мақсаты: Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру. Арлан,Көркем	Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Айсұлта,Даниэль
Серуенге	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді				

дайындық	дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу				
Серуен	№ 50 Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3.Допты қуалау. «Сақина» Мақсаты: алақан арасына сақинаны жасыру арқылы шыдамдылыққа үйрету, тапқырлыққа баулу.	№ 51 Көркем сөз: Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.	№ 52 Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3.Допты қуалау. «Сақина» Мақсаты: алақан арасына сақинаны жасыру арқылы шыдамдылыққа үйрету, тапқырлыққа баулу	№ 53 Дербес ойындар: 1.Әткеншек тебу. 2.Ирек жолмен жүру. Қимылды ойын: «Допты қуып жет». Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу.	№ 54 Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру: 1.Жарысу. 2.Төбешікке секіру. Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Балаларды ептілікке , шапшаңдыққа үйрету.
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті.				
Балалардың дербес іс-әрекеті	«Қай жерде шырылдады?»	«Сәйкес ұяшыққа орналастыр»	Сенсорика «Дәл осындай пішінді	Жапсыру «Вагондарға дөңгелек	«Бізге кім келгенін тауып ал»

	Максаты: Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау. Сөйлеуді дамыту	дидактикалық ойын Максаты: ойлау қабілетін арттыру.	тап» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.	таңдау» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.	Максаты: Айтылу мен есту жағынан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. Кебір заттардың аттарын бекіту. Сөйлеуді дамыту
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Тәрбиеші: С.К.Сарсеңбаева
Әдіскер: Н. А.Копесова

Коп

1-дан